

## Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 127 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 26 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2316. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарғын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 222 қаулысымен

*Ескерту: Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарғын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 222 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулысымен .*

---

Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеуді жетілдіру мақсатында және "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтер туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін .

2. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорлары:

1) 2004 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін Ереженің 2, 4 және 9-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келтірсін; Ереженің 5-тармағында белгіленген қаржылық тұрақтылық көрсеткішін 2004 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде осы қаулының талаптарына сәйкес келтірсін ;

2) осы қаулы күшіне енген күннен бастап үш айдың ішінде бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға инвестициялардың және кассадағы ақша қалдығының мөлшерін Ереженің 10 және 12-тармақтарының талаптарына сәйкес келтірсін.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 486 қаулысымен .*

4. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және жинақтаушы зейнетақы қорларына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ф.Сәйденовке жүктелсін.

6. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

*Төрағасы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Банкі Басқармасының "Жинақтаушы  
зейнетақы қорларына арналған  
пруденциалдық нормативтер туралы  
ережені бекіту туралы" 2003 жылғы  
21 сәуірдегі N 127 қаулысына  
1-қосымша

**Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтер туралы ереже**

Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтер туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 41-бабының 4-тармағын орындау мақсатында әзірленген және жинақтаушы зейнетақы қорлары (бұдан әрі - Қор) сақтауға міндетті пруденциалдық нормативтерді белгілейді.

*Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 413 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

**1 тарау. "Меншікті капиталдың жеткіліктілігі" 1 пруденциалдық нормативі**

*Ескерту: Тараудың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 379 қаулысымен .*

1. Меншікті капиталдың жеткіліктілігі күнделікті мәні 1-ден кем болмайтын  $K_1$  коэффициентімен сипатталады.  $K_1$  коэффициенті мына формула бойынша

е с е п т е л е д і :

$$K_1 = (\Theta A - M) / MKEAM, \text{ онда}$$

$\Theta A$  - осы Ереженің 2 тармағымен белгіленген өтімді және басқа активтер;  
 $M$  - м і н д е т т е м е л е р ;

MKEAM - формула бойынша есептелген меншікті капиталдың ең аз мөлшері:

$$MKEAM = 0,15 * OAI\Theta, \text{ онда}$$

OAJK - мына формула бойынша есептелген орташа алынған жалпы кіріс:

Е соңғы үш қаржы жылы ішінде алынған таза кіріс

$$OAJK = \frac{\text{-----}}{3}$$

3

OAJK көлемі жыл сайын есепті жылдың бірінші айының бірінші күніндегі жағдай бойынша қаржылық есеп беруге сәйкес есептеледі және қажет болған жағдайда түзету жыл сайынғы аудиттен кейін жасалады.

*Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 379 қаулысымен .*

2. Қордың мынадай активтері өтімді активтер ретінде танылады:

1) а қ ш а , о н ы ң і ш і н д е :

баланс бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын кассадағы а қ ш а ;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоттарындағы а қ ш а ;

"А" санатынан төмен емес ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "A2" санатынан төмен емес ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді, жеке рейтингісі бар резидент емес-банктер ш о т т а р ы н д а ғ ы а қ ш а ;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар;

3) Бағалы қағаздары қор биржасының ең жоғары санаты бойынша ресми тізіміне енгізілген немесе еншілес резидент банктер болып табылатын, ықтимал шығындар резервін шегере отырып, "А" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "A2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша)(негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) санаттарынан кем емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді жеке рейтингісі бар резидент емес енші беруші банктердің Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдары;

3-1) ықтимал шығындардың резервтерін шегеріп тастағандағы "А" санатынан төмен емес ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі

бойынша) немесе "A2" санатынан төмен емес ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді, жеке рейтингісі бар резидент емес-банктердегі салымдар (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын есепке ала отырып);

4) ықтимал шығындар резервін шегере отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес эмиссияланғандарды қоса)(негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескеріп);

5) ықтимал шығындар резервін шегере отырып, қор биржасының ең жоғары санаты бойынша (қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан және "Қазақстан Даму Банкі" АҚ облигацияларынан басқа) (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) ресми тізіміне енгізілген Қорға қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

6) ықтимал шығындар резервін шегере отырып, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) Қазақстан Республикасы ұйымдарының ипотекалық облигациялары;

6-1) ықтимал шығындар резервін шегере отырып, Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын есепке ала отырып);

7) ықтимал шығындар резервін шегере отырып, "Қазақстан Даму Банкі" АҚ облигациялары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

8) ықтимал шығындар резервін шегере отырып, кредиттік рейтингтің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

9) ықтимал шығындар резервін шегере отырып, "BBB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы бар шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

10) ықтимал шығындар резервін шегере отырып, борыштық бағалы қағаздарының "BBB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" ("Moody's Investors Service" рейтинг

агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы бар шетелдік эмитенттердің акциялары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) ;

11) ықтимал шығындар резервін шегере отырып, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) ;

11-1) ықтимал шығындар резервін шегере отырып, (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын есепке ала отырып) шетел мемлекеттердің немесе Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған рыноктарында айналыста жүретін, "BB"-ден ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "Ba2"-ден төмен емес ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) рейтингтік бағасы бар немесе Қазақстан Республикасының "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "A" рейтингтік бағасы бар Қорға қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымдарының акциялары және шетел мемлекеттердің немесе Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған рыноктарында айналыста жүретін, "BB"-ден ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "Ba2"-ден төмен емес ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) рейтингтік бағасы бар немесе Қазақстан Республикасының "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "A" рейтингтік бағасы бар Қорға қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары;

12) тазартылған қымбат металдар;

13) ықтимал шығындар резервін шегере отырып, қор биржасының ең жоғары санатынан кейінгі (қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан басқа) (елу процентке кемітілген негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) ресми тізіміне енгізілген Қорға қатысы бойынша аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар) Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

13-1) ықтимал шығындар резервтерін шегере отырып (елу процентке азайтылған) ашық және/немесе аралық инвестициялық пай қорларының пайлары;

14) қызметкерлер мен басқа тұлғалардың дебиторлық берешегін шегере отырып, Қорға қатысы бойынша аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын (ықтимал шығындар резервін шегере отырып) ұйымдардың дебиторлық берешегі, оның ішінде :

қызметкерлердің және басқа тұлғалардың шарт талаптары бойынша үш күннен аспайтын мерзімге кешіктірілген, баланс бойынша активтер сомасының

жиырма процентінен аспайтын мөлшердегі дебиторлық берешекті шегергендегі Қорға қатысы бойынша аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын ұйымдардың дебиторлық берешегі (ықтимал шығындар резервін шегере отырып);

Қордың балансы бойынша жасалған шарт талаптарын қызметкерлердің және басқа тұлғалардың тоқсан күннен аспайтын мерзімге кешіктірген елу процентке кемітілген активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі дебиторлық берешекті шегергендегі Қорға қатысы бойынша аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын ұйымдардың дебиторлық берешегі (ықтимал шығындар резервін шегере отырып);

Қордың мынадай активтері өтімді активтер ретінде танылады:

1) Қордың баланстық құны бойынша негізгі құрал-жабдықтары, оның ішінде:

Қордың балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі жеке меншікте немесе тұрақты жер пайдалану құқығындағы жер;

Қордың балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі жеке меншіктегі үйлер мен ғимараттар;

Қордың балансы бойынша активтер сомасының бес процентінен аспайтын мөлшердегі жеке меншіктегі машиналар және жабдықтар;

2) Қордың балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі баланстық құны бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету.

*Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 379 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 385 қаулысымен , 2006 жылғы 27 мамырдағы N 122 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .*

2-1. Зейнетақы активтері бойынша кірістілікті ең аз деңгейден төмен емес алуды қамтамасыз ету мақсаттары үшін Қор күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша Қордың номиналды кірістілігінің көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы айырманы дербес есептейді.

*Ескерту: 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 413 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

2-2. Қордың номиналды кірістілігінің көрсеткіші Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту туралы" 2005 жылғы 26 қарашадағы N 412 қаулысына (бұдан әрі - N 412

қаулы) сәйкес есептелген  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентімен сипатталады.

*Ескерту: 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 413 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

2-3. Тиісті кезең үшін кірістіліктің ең аз мәні барлық жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін N 412 қаулының 16-тармағымен белгіленген кірістіліктің осы кезеңдегі орташа номиналды кіріс коэффициентінен ауытқуының төменгі шегіне тең болатын жалпы өлшемді білдіреді.

*Ескерту: 2-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 413 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

2-4. Күнтізбелік жылдың аяғында Қорда оның номиналды кірістілігінің көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасында теріс айырма болған жағдайда, Қор осы айырманы тиісті ақша сомасын кастодиан банктегі Қордың инвестициялық шотына аудару арқылы меншікті капитал есебінен өтейді.

*Ескерту: 2-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 413 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

2-5. Кірістіліктің ең аз мәні мен  $K_2$  коэффициенті арасындағы теріс айырманы болдырмау мақсаттары үшін Қор кастодиан банктегі инвестициялық шотқа аударатын сома N 412 қаулының 17-тармағына сәйкес есептеледі.

Кірістіліктің ең аз мәні мен  $K_2$  коэффициенті арасындағы теріс айырманы болдырмау үшін Қор өтейтін сома есеп айырысу жасалған жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін кастодиан банктегі инвестициялық шотқа аударылуы т и і с .

*Ескерту: 2-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 413 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

2-6. Қор кірістіліктің ең аз мәні мен  $K_2$  коэффициенті арасындағы теріс айырманы өтеу сомасы аударылған күннен кейінгі күн ішінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) кастодиан банктің растауымен осы соманың аударылғаны туралы ақпаратты жібереді.

*Ескерту: 2-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы*

ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 413 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).

## **2 тарау. "Жоғары өтімді активтердің жеткіліктілігі"** **2-ші пруденциалдық норматив**

*Ескерту: Тараудың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 379 қаулысымен .*

3. Жоғары өтімді активтер жеткіліктілігі күнделікті мәні 1-ден кем болмайтын  $K_2$  коэффициентімен сипатталады.  $K_2$  коэффициенті мына формула бойынша е с е п т е л е д і :

$$K_2 = Ж\Theta A(МКЕАМ*0,3), \text{ мұнда}$$

$Ж\Theta A$  - жоғары өтімді активтер.

*Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 379 қаулысымен .*

3-1. Қор активтерінің құны Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына және Қордың есеп саясатына сәйкес есепке алынады және қайта бағаланады.

*Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 486 қаулысымен .*

3-2. Құны шетел валютасымен көрсетілген активтер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағаланады.

*Ескерту. 3-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 486 қаулысымен .*

4 . < \* >

*Ескерту: 4-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 379 қаулысымен .*

## **3 - тарау. "Резервтік капитал"** **3-пруденциалдық норматив**

*Ескерту: 3-тарау алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 379 қаулысымен .*

## **4-тарау. "Меншікті активтер есебінен инвестициялар"** **4-пруденциалдық норматив**

*Ескерту: 4-тарау алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 379 қаулысымен .*



**5-тарау. "Бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға, екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға, бір заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне инвестициясы және кассадағы ақша қалдығы"**

**5-пруденциалдық норматив**

*Ескерту: 5-тараудың атауына өзгерту енгізіліді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 67 қаулысымен .*

10. Меншікті активтерді инвестициялау кезінде осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға, екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға, сондай-ақ бір заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне Қор инвестициясының жиынтық мөлшері мынадай мәндерден аспауы керек:

1) екінші деңгейдегі бір банк шығарған бағалы қағаздарға, сондай-ақ осы банктегі салымдарға - Қордың меншікті активтері жалпы көлемінің 10%-і, бірақ осы банктің меншікті капиталы мөлшерінің 25%-нен аспауы тиіс және Қордың зейнетақы мен меншікті активтер есебінен банктің дауыс беруші акцияларына инвестициялары осы банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының он процентінен аз болмаған жағдайда;

2) екінші деңгейдегі банктің және екінші банк болып табылмайтын, банктің аффилиирленген тұлғаларының бағалы қағаздарына, сондай-ақ осы банктегі салымдарға - Қордың меншікті активтері жалпы көлемінің 10%-і, осы тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацында, 3) тармақшасының екінші абзацында және 4) тармақшасының екінші абзацында белгіленген шектеулерді сақтау шартымен;

3) екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын эмитенттің облигациясына - Қордың меншікті активтері жалпы көлемінің 10%-і, бірақ осы эмитенттің қаржы агенттіктерін, ипотекалық облигацияларды және мемлекеттің немесе қаржы агенттігінің кепілдігімен шығарылған облигацияларды қоспағанда меншікті капиталы мөлшерінің 25%-нен немесе осы эмитенттің бір эмиссиясы облигацияларының жалпы көлемінің 25%-нен аспауы тиіс (ол көрсетілген шаманың қайсысы неғұрлым аз болып табылуына байланысты);

4) екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын эмитенттің акциясына - Қордың меншікті активтері жалпы көлемінің 15%-і, бірақ осы эмитент дауыс беруші акцияларының жалпы санының 10%-нен кем болмауы;

5) бір заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне Қордың меншікті активтерінің 15%-нен астам емес мөлшерде болуы тиіс.

*Ескерту: 10-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 тамыздағы N 285 қаулысымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 379 қаулысымен , 2006 жылғы 25 ақпандағы N 67 қаулысымен , 2006 жылғы 27 мамырдағы N 122 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .*

11. Бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға, екінші деңгейдегі банктегі салымдарға Қор инвестициясының жиынтық мөлшерін есептеген кезде:

1) Қазақстан Республикасының резиденті - банктің (эмитенттің) меншікті капиталы банк қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заң актілеріне немесе акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заң актілеріне не бағалы қағаздар сауда-саттығын ұйымдастырушылар ұсынған листинг рәсімдеріне сәйкес баспасөз басылымдарында жарияланған оның соңғы тоқсандық балансы негізінде айқындалады;

2) шетел эмитентінің меншікті капиталы Reuters немесе Bloomberg V.L.P. ақпараттық талдау жүйелерінде немесе осы бағалы қағаздар бағаланатын сауда жүйесінде бағалы қағаздар сауда-саттығын ұйымдастырушылардың ИНТЕРНЕТ желісіндегі сайтында немесе осы бағалы қағаздар эмитентінің сайтында орналастырылған соңғы тоқсандық балансы негізінде айқындалады;

3) бір-біріне қатынасы бойынша аффилиирленген банктер бір банк есебінде танылады, мұндайда осы Ереженің 10-тармағының 1) тармақшасының екінші абзацында белгіленген шектеулер осындай банктердің әрқайсысына қатынасы бойынша қолданылады ;

4) бір-біріне қатынасы бойынша аффилиирленген екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын эмитенттер бір эмитент есебінде танылады, мұндайда осы Ереженің 10-тармағының 3) тармақшасының екінші абзацында және 4) тармақшасының екінші абзацында белгіленген шектеулер осындай эмитенттердің әрқайсысына жеке қолданылады.

*Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 379 қаулысымен .*

12. Қордың кассасындағы ақша қалдығының мөлшері жұмыс күнінің соңында Қордың меншікті активтерінің 10%-нен аспауы керек.

13. Осы Ереженің 10 және 11-тармақтарында белгіленген нормалар Уәкілетті орган белгілеген зейнетақы активтерін инвестициялау тәртібіне сәйкес Қор сатып алуы мүмкін халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына қолданылмайды.

**6-тарау. Пруденциалдық нормативтерді сақтауды бақылау**

14. Қор өткен күннің соңындағы жағдай бойынша әрбір күннің есебін жүргізеді:

- 1)  $K_1$  коэффициентінің мәні;
- 2)  $K_2$  коэффициентінің мәні;
- 3)  $< * >$  ;
- 4)  $< * >$  ;

5) 5-пруденциалдық нормативке жүзеге асырылған инвестициялардың сәйкестігіне.

*Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 379 қаулысымен.*

15. Қор ай сайын электрондық тасымалдағышта уәкілетті органға осы айдың бесінші жұмыс күні Астана уақыты бойынша сағат 18.00-ден кешіктірмей есепті айдан кейінгі айдың бірінші күнгі жағдай бойынша  $K_1$  және  $K_2$  коэффициенттері мәнінің есебін және осы Ереженің 4 және 5 қосымшаларының нысандары бойынша пруденциалдық нормативтерінің есебі үшін қосымша мәліметтерді ұсынады.

*Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 379 қаулысымен, 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).*

16. Қағаз жазбадағы есептеулер мен қосымша мәліметтерге Қордың бірінші басшысы немесе оның орнындағы адам және бас бухгалтер қол қойып, мөрмен куәландырылады және Қорда сақталады. Қор уәкілетті органның талап етуі бойынша сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей есептер мен қосымша мәліметтерді қағаз жазбада ұсынады.

*Ескерту: 16-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).*

16-1. Электрондық тасымалдағыштағы есептеулер мен қосымша мәліметтердің ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізу көлік жүйесін пайдалануымен ұсынылады.

*Ескерту: 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы*

*ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

16-2. Электрондық тасымалдағышта ұсынылатын деректердің қағаз жазбадағы деректермен сәйкестігін инвестициялық портфельді басқарушысының бірінші басшысы және оның орнындағы адамы қамтамасыз етеді.

*Ескерту: 16-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

17. Осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген мәндер осы Ережеде белгіленген пруденциалдық нормативтерге сәйкес келмеген жағдайда Қор бір күн ішінде оны жою жөніндегі іс-шаралардың жоспарын қоса жібере отырып, осы сәйкессіздіктің фактісі мен себептері туралы уәкілетті органға хабарлауға м і н д е т т і .

10-тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацында белгіленген талаптар бұзылған жағдайда, Қор осы бұзушылықты өз активтерінің есебінен жояды.

*Ескерту: 17-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 тамыздағы N 285 қаулысымен .*

18. Осы Ереженің талаптары орындалмаған жағдайда Қор Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілік көтереді.

19. Қор бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асырған жағдайда пруденциалдық нормативтерді есептеу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылады .

*Ескерту: 19-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 379 қаулысымен .*

Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтер туралы

Ереженің 1 қосымшасы

*Ескерту: Қосымшамен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 379 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 385 қаулысымен , 2006 жылғы 27 мамырдағы N 122 ( мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .*

(қордың атауы)

**K1 және K2 коэффициенттері мәнінің есебі**

N	Көрсеткіш атауы	Баланс бойынша құны	Ескерілетін көлем	Есеп айырысу құны
1.	Ақша - барлығы (1.1. - 1.3 жол сомасы):			
1.1.	Баланс бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын кассадағы ақша		100%	
1.2.	Екінші деңгейдегі банктердің шоттарындағы ақша		100%	
1.3.	"A" санатынан төмен емес ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "A2" санатынан төмен емес ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді, жеке рейтингісі бар резидент емес-банктер шоттарындағы ақша		100%	
2.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар		100%	
3.	Бағалы қағаздары қор биржасының ең жоғары санаты бойынша ресми тізімге енгізілген немесе ықтимал шығындар резервін шегере отырып "A" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "A2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) санаттарынан кем емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді жеке рейтингісі бар резидент емес енші беруші банктердің еншілес резидент банктері болып табылатын Қазақстан Республикасының екінші			

	деңгейдегі банктеріндегі салымдар;		100%	
3-1.	ықтимал шығындардың резервтерін шегеріп тастағандағы "A" санатынан төмен емес ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "A2" санатынан төмен емес ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді, жеке рейтингісі бар резидент емес-банктердегі салымдар (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын есепке ала отырып)		100%	
4.	Ықтимал шығындар резервін шегере отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес эмиссияланғандарды қосқанда) (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып)		100%	
5.	Ықтимал шығындар резервін шегере отырып, қор биржасының ең жоғары санаты бойынша (қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан және "Қазақстан Даму Банкі" АҚ облигацияларынан басқа) (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) ресми тізімге енгізілген Қорға қатысы бойынша аффилирленген тұлғалар болып табылмайтын Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;		100%	
6.	Ықтимал шығындар резервін шегере отырып, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының ипотекалық облигациялары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып)		100%	

6-1.	Ықтимал шығындар резервін шегере отырып, Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары (негізгі қарызбен есептелген сыйақы сомасын есепке ала отырып)	100%	
7.	Ықтимал шығындар резервін шегере отырып, "Қазақстан Даму Банкі" АҚ облигациялары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып)	100%	
8.	Ықтимал шығындар резервін шегере отырып, халықаралық кредиттік рейтинг шәкілі бойынша "BBB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес ұзақ мерзімді рейтинг бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып)	100%	
9.	Шетел эмитенттерінің, ықтимал шығындар резервін шегере отырып, "BBB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтинг бағасы бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып)	100%	
10.	Ықтимал шығындар резервін шегере отырып, борыштық бағалы қағаздарының "BBB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтинг бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып)	100%	
11.	Ықтимал шығындар резервін шегере отырып, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып)	100%	
11-1.	Ықтимал шығындар резервін шегере отырып, (негізгі қарызбен есептелген		

	сыйақы сомасын есепке ала отырып) шетел мемлекеттердің немесе Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған рыноктарында айналыста жүретін, "BB"-ден ("Standard & Poog's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "Ba2"-ден төмен емес ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) рейтингтік бағасы бар немесе Қазақстан Республикасының "Standard & Poog's" ұлттық шәкілі бойынша "A" рейтингтік бағасы бар Қорға қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымдарының акциялары және шетел мемлекеттердің немесе Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған рыноктарында айналыста жүретін, "BB"-ден ("Standard & Poog's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "Ba2"-ден төмен емес ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) рейтингтік бағасы бар немесе Қазақстан Республикасының "Standard & Poog's" ұлттық шәкілі бойынша "A" рейтингтік бағасы бар Қорға қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары	100%	
12.	Тазартылған қымбат металдар	100%	
13.	Ықтимал шығындар резервін шегере отырып, қор биржасының ең жоғары санатынан кейінгі (қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан басқа) (елу процентке кемітілген негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) ресми тізіміне енгізілген Қорға қатысы бойынша аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар) Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;	50%	
13-1.	Ықтимал шығындар резервтерін шегере отырып ашық және/немесе аралық инвестициялық пай қорларының пайлары	50%	
14.			



	Қызметкерлер мен басқа тұлғалардың дебиторлық берешегін шегергендегі (14.1 және 14.2 жолдар сомасы) Қорға қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын ұйымдардың дебиторлық берешегі (ықтимал шығындар резервін шегере отырып)			
14.1.	Қызметкерлер мен басқа тұлғалардың шарт талабы бойынша үш күн мерзімге кешіктірілген Қордың балансы бойынша активтер сомасының жиырма процентінен аспайтын мөлшердегі дебиторлық берешегін шегергендегі Қорға қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын ұйымдардың дебиторлық берешегі (ықтимал шығындар резервін шегере отырып)		100%	
14.2.	Қызметкерлер мен басқа тұлғалардың шарт талабы бойынша тоқсан күн мерзімге кешіктірілген Қордың балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын, елу процентке кемітілген мөлшердегі дебиторлық берешегін шегергендегі Қорға қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын ұйымдардың дебиторлық берешегі (ықтимал шығындар резервін шегере отырып)		50%	
15.	Қордың баланс құны бойынша негізгі құрал-жабдықтары (15.1-15.3 жолдар сомасы)			
15.1.	Қордың балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі жеке меншіктегі немесе тұрақты жер пайдалану құқығы бар жер		100%	
15.2.	Қордың балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі жеке меншіктегі үйлер мен ғимараттар		100%	
15.3.	Қордың балансы бойынша активтер сомасының бес			

	процентінен аспайтын мөлшердегі жеке меншіктегі машиналар және жабдықтар		100%	
16.	Қордың балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі бағдарламалық қамтамасыз ету		100%	
17.	Өтімді активтер жиынтығы (1 - 16 жол сомасы) - ӨА			
18.	Баланс бойынша міндеттемелер		100%	
19.	Меншікті капиталдың ең аз мөлшері (МКЕАМ)			
19-1.	орташа алынған жалпы кіріс (ОАЖК)			
20.	$K_1$ "Меншікті капиталдың жеткіліктігі" ((17 жол - 18 жол)/19 жол); $K_1 \geq 1$			
21.	Жоғары өтімді активтер жиынтығы (1 - 12 жолдар сомасы)			
22.	$K_2$ "Жоғары өтімді активтер жеткіліктілігі" (21 жол/19 жол*0,3); $K_2 \geq 2$			
23.	Баланс бойынша активтер сомасы			

Басшы

(аты-жөні) (қолы)

Бас бухгалтер

(аты-жөні) (қолы)

Мөр орны;

-----  
-----

Жинақтаушы зейнетақы  
қорларына арналған  
п р у д е н ц и а л д ы қ  
н о р м а т и в т е р т у р а л ы

Ереженің 2 қосымшасы

*Ескерту: Қосымшамен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 379 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 385 қаулысымен , 2006 жылғы 27 мамырдағы N 122 ( мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .*

( қ о р д ы ң а т а у ы )

**Пруденциалдық нормативтерді есептеуге арналған  
қосымша мәліметтер**

(МЫҢ ТЕҢГЕ)

Белгі N	Көрсеткіш атауы	Баланс бойынша сомасы
1	2	3
8001	Жеке меншіктегі немесе тұрақты жер пайдалану құқығы бар жер	
8002	Жеке меншіктегі үйлер және ғимараттар	
8003	Жеке меншіктегі машиналар немесе жабдықтар	
8004	Басқа да негізгі құрал-жабдықтар	
8005	Қызметкерлер мен басқа тұлғалардың шарт талабы бойынша үш күн мерзімге кешіктірілген дебиторлық берешегін шегергендегі Қорға қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын ұйымдардың дебиторлық берешегі (ықтимал шығындар резервін шегере отырып)	
8006	Қызметкерлер мен басқа тұлғалардың шарт талабы бойынша тоқсан күн мерзімге кешік - тірілген дебиторлық берешегін шегергендегі Қорға қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын ұйымдардың дебиторлық берешегі (ықтимал шығындар резервін шегере отырып)	
8007	Басқа дебиторлық берешек (ықтимал шығындар резервін шегере отырып)	
8008	Тазартылған қымбат металдар	
8009	Бағдарламалық қамтамасыз ету	
8010	Басқа материалдық емес активтер	
8011	Ықтимал шығындар резервін шегере отырып, қор биржасының ең жоғары санаты бойынша (қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан және "Қазақстан Даму Банкі" АҚ облигацияларынан басқа) (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) ресми тізіміне енгізілген Қорға қатысы бойынша аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;	
8012	Ықтимал шығындар резервін шегере отырып, қор биржасының ең жоғары санатынан кейінгі (қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан басқа) ресми тізіміне енгізілген Қорға қатысы бойынша аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары (	

	оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдары бойынша шығарылған бағалы қағаздар) (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескеріп);	
8013	Бқтимал шығындар резервін шегере отырып, (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын есепке ала отырып) шетел мемлекеттердің немесе Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған рыноктарында айналыста жүретін, "BB"-ден ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "Ba2"-ден төмен емес ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) рейтингтік бағасы бар немесе Қазақстан Республикасының "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "A" рейтингтік бағасы бар Қорға қатысты аффилирленген тұлға болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымдарының акциялары және шетел мемлекеттердің немесе Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған рыноктарында айналыста жүретін, "BB"-ден ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "Ba2"-ден төмен емес ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) рейтингтік бағасы бар немесе Қазақстан Республикасының "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "A" рейтингтік бағасы бар Қорға қатысты аффилирленген тұлға болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары	
8014	Басқа бағалы қағаздар	
8015	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоттарындағы ақша	
8016	"А" санатынан төмен емес ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "A2" санатынан төмен емес ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді, жеке рейтингісі бар резидент емес-банктердің шоттарындағы ақша	

Басшы

(аты-жөні) (қолы) \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

(аты-жөні) (қолы) \_\_\_\_\_

Мөр орны

Қазақстан Республикасының  
 Ұлттық Банкі Басқармасының  
 2003 жылғы 21 сәуірдегі  
 N 127 қаулысына

2-қосымша

**Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

Мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің "Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетақы қорларының өз капиталын қалыптастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1997 жылғы 27 тамыздағы N 2-П бұйрығы және көрсетілген бұйрықпен бекітілген Нұсқаулық (Қазақстан Республикасының

Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 374 тіркелген, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік-құқықтық және нормативтік актілер жинағында 2001 жылы жарияланған, 4 - том);

2) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің "Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетақы қорларының өз капиталын қалыптастыру туралы ережеге" толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 22 мамырдағы N 68-П бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 90 тіркелген);

3) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1997 жылғы 27 тамыздағы N 2-П бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетақы қорларының өз капиталын қалыптастыру туралы ережеге" өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998 жылғы 18 желтоқсандағы N 176-П бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 674 тіркелген);

4) "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1997 жылғы 27 тамыздағы N 2-П бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетақы қорларының өз капиталын қалыптастыру туралы ережеге" өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83-П бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1005 тіркелген);

5) "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1997 жылғы 27 тамыздағы N 2-П бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетақы қорларының өз капиталын қалыптастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 9-П бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1067 тіркелген).

